

Тәлімгердің жас маманмен I жарты жылдықта жүргізілген жұмысының есебі

Тәлімгер Қамасалиқызы Әсел

Мақсаты: Тәлім алушының кәсіби маман болып қалыптасуына көмек көрсету.

Міндеттері:

- тәлім алушының кәсіби дамуын ұйымдастыру, өзінің іс-тәжірибесіне өзгеріс енгізуіне ынталандыру;
- тәлім алушыға шынайы мақсат қоюға және оған жету жолдарын жоспарлауға көмектесу;
- тәлім алушының кәсіби дағдыларын дамытып, өзінің еңбек жолында кездескен проблемаларды өздігінен шешуге дағдыландыру;
- тәлім алушыға өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға көмектесу

2025-2026 оқу жылында жас маман Қанат Наргиза Қанатқызына тәлімгер болып бекітілдім. Қыркүйек айында тәлімгерлік жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуді бастадық. Ең алдымен жас мамандарды педагог жұмыстары және ережелерімен таныстырып өттім, Мектеп құжаттарымен таныстыру және жаңа оқу жылына жоспар жасау, сабаққа қатысу кестесі жасалынды. Сол кесте күн реті бойынша сабаққа қатысып, жұмыс жүргізіліп отырды.

Жас маман Қанат Н.Қ. өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, жаңашылдыққа бейім, тіл табысуда қиындық тудырмайтын пәні, мамандығы бойынша жетістікке ұмтылатын, оқытушылық қызметті жаңа бастап отырған оқытушы. Оқу жылының басында арнайы пәндер және өз сабақтары бойынша оқу бағдарламаларымен таныстырып, түсіндіріп өттім.

Қанат Наргизаға 5,7,9 сыныптарға және үйде оқытатын оқушыларға орыс тілі және әдебиет пәндерінен сабақ беретін мұғалім болып тағайындалды. Қанат Наргизаға алғаш рет ұстаздық жолды бастап отырғандықтан күнтізбелік тақырыптық жоспар, күнделікті сабақ жоспарын құруда тәлімгері менен біраз қолдау, көмек көрсетілді, күнтізбелік тақырыптық жоспарды бірігіп жасадық. Дегенмен, жас маман жоспарды уақытында жасап тапсырып отырды.


Пән бойынша бағдарламалар және тақырыптық күнтізбелік жоспар (ҰМЖ,ОМЖ,ҚМЖ)күнделікті сабақ жоспарын қалай құрастыру құрылымдарымен таныстыртырылды. Жаңартылған бағдарламаның ерекшеліктеріне жеке тоқталып, түсіндіру жұмыстары болды. Кері байланыс пен рефлексия жасау түсіндірілді. Журнал /білім класс талаптарымен таныстырылып толтыру ережесімен таныстырылды. Мектепшілік озық тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысуын үнемі басты назарда ұстады. Сол себепті тәжірибе жинақтау мақсатымен сабақтарға қатысып жүрді.

Жас маманның сабағына қатысу сыни көзбен қарау мақсатында емес, үйрету, бағыттау мақсатында болды. Тексеру жұмыстары кемшілік іздеу бағытында емес, түзету бағытында жүргізілсе және мектепке келген жас маманға үнемі қолдау көрсетіп отырса, нағыз шебер ұстаз болып қалыптасуына бағыт беру бағытында жүргізілді.


Наргиза Қанатқызы өз жұмысына тиянақты, талпынысы жоғары, жаңа ақпараттарды игеруге талпынып тұрады. Осы уақытқа дейін жасалған жұмыс нәтижесі келесі жартыжылдықта оң нәтижесін береді деп ойлаймын. Алдағы уақытта көптеген жұмыстарды бірігіп жасаймыз деп сенемін.

Алдағы уақытта қойылатын талаптар:


- жас педагог құзыреттілігін дамыту мәселелері бойынша зияткерлік және шығармашылық әлеуетін сабақтарында қолданысқа енгізу.
- зерттеу және тәжірибелік кезеңінде сабаққа қажетті тиімді әдістерін дұрыс жолмен бағыттау, оқушымен жұмыс істеу деңгейінде әртүрлі ынталандыруды қамтамасыз ету; оқушының бүкіл сабақ бойы рефлексия мен өзін-өзі бақылауын ұйымдастыру.




Қанат Наргизаның 7 «Б» сыныбына сабақ беру сәтінен



Қанат Наргизаның тілдер апталығына орай 7 «А» сыныппен пікір сайысынан қорытынды фото



Қанат Наргиза қатысқан “Жас ұстаздар шоғыры- Қосшы 2025” қалалық піріксайысынан 1 жүлделі орын



Қанат Наргизаның 9 «А» сынып оқушысы Каукен Тамерланға үйден оқыту сәтінен



Қанат Наргизаның үйде оқытылатын 5 «Б» сынып оқушысы Абдухамет Бейбарысқа орыс тілінен сабақ беру сәтінен

Тайтөбе ауылының ЖОББМ

Тәлімгерлік қызмет бойынша жас маман
Жанболат Меруертпен жүргізілген
жұмыстардың жартыжылдық есебі

Қараша айында жас педагог Жанболат Меруертпен мектепке және сыныпқа бейімделу жұмыстары жүргізілді. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (КТЖ), тәрбие жоспары, вариативтік сағат жоспарлары және қысқа мерзімді жоспарлар (ҚМЖ) қаралып, түзетулер енгізілді. Вариативтік сағат жоспарлары талданып, бекітілді.



Vilimclass платформасымен жұмыс жасау жолдары түсіндіріліп, ондағы жұмыстарға бақылау жүргізілді. Сыныппен танысу барысында оқушылардың білім деңгейі бақыланды. Аптасына 1 рет кері байланыс пен әдістемелік кеңес беріліп отырды.

Желтоқсан айында Бастапқы педагогикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында сабақтар тәлімгердің көмегімен өткізілді. Бағалау критерийлерін қолдану және түсіну дағдылары қалыптасты. Ата-аналармен алғашқы қысқаша байланыс орнатылды.

Аптасына 1 рет кері байланыс сессиялары өткізіліп, сабақ әдістемесі талқыланды. Оқушылардың үлгерімі жүйелі түрде бақылауға алынды.

Қорытынды:

Жартыжылдық қорытындысы бойынша жас педагогтың мектеп ортасына бейімделуі оң деңгейде өтті, негізгі жоспарлау құжаттарымен және цифрлық платформамен жұмыс істеу дағдылары қалыптасып келеді.



Тәлімгер Кемелова А.Б., бастауыш сынып мұғалімі, педагог - зерттеуші

Тайтөбе ауылының ЖОББМ


Тәлімгерлік қызмет бойынша жас маман
Әбжаппарова Айханым Әбжәмитқызымен жүргізілген
жұмыстардың жартыжылдық есебі

Есепті кезеңде жас маманға кәсіби бейімделу және түзету-дамыту жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында тәлімгерлік қолдау көрсетілді. Жұмыс барысында жас маман мектептің, түзету кабинетінің қызметімен және негізгі нормативтік құжаттармен таныстырылды. Тәлімгер мен жас маман арасында келісім жасалып, жеке жұмыс жоспары құрылды.

Жас маманның күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары мен сабақ жоспарларына талдау жүргізіліп, әдістемелік ұсыныстар берілді. Түзету сабақтарын жүргізу әдістемесі түсіндіріліп, құжат жүргізу бойынша нұсқаулық ұсынылды. Жас маманның сабақтарына қатысу арқылы оның кәсіби бейімделу деңгейі бақылауға алынды.

Жеке және топтық түзету сабақтарына талдау жасалып, әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасауға бағыт берілді. Кездескен қиындықтар анықталып, оларды түзету жолдары бойынша кеңестер берілді. Жартыжылдық қорытындысында жас маманның жетістіктері мен даму аймақтары анықталып, келесі жартыжылдыққа арналған міндеттер белгіленді.

Қорытындылай келе, есепті кезеңде тәлімгерлік жұмыс жоспарлы және жүйелі түрде жүргізілді. Жас маман түзету-дамыту жұмысының негізгі талаптарын меңгеріп, кәсіби дағдыларын дамытуда оң нәтижелер көрсетті.



Тәлімгер Кемелова А.Б., бастауыш сынып мұғалімі, педагог - зерттеуші